



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қараша 2024

2024 жылдың қараша айында жылдық инфляция баяулап, 8,4%-ға түсті. Көкөніс пен май бағасының айлық өсімі әсерінен азық-түлік бағасы жылдық мәнде жеделдеді. Тұтыну сұранысының тұрақтылығы мен теңгенің номиналды айырбас бағамының әлсіреуі аясында импорт бағалардың өсуі жылдық азық-түлік емес инфляцияның жеделдеуіне әсер етті. Ал қызмет көрсету саласындағы инфляция жылдық мәнде баяулады. Бұл реттелетін тұрғын-үй коммуналдық қызмет тарифтерінің өсу қарқыны төмендеуіне байланысты болып отыр.


2024 жылғы қарашада жылдық инфляция деңгейі 8,4%-ға дейін төмендеді (2024 жылғы қазанда – 8,5%). Бір айдағы баға өсімінің қарқыны алдыңғы аймен салыстырғанда өзгеріссіз қалып, 0,9% болды. 2017-2021 жылдардағы қарашадағы орташа тарихи өсу көрсеткіші – 0,8%.

Маусымдық факторлар ескерілген айлық инфляция көрсеткіші аздап өсті – 0,85% (0,83%) (1-график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



2017-2021 жылғы қарашадағы орташа мән, %

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі


Маусымдық факторлар ескерілген инфляция құрылымында азық-түлік компоненті жеделдегені байқалады. Маусымдық факторларды ескергендегі айлық бағаның ең жоғары өсімі көкөністе, май мен тоң майларда тіркелді.

Сонымен қатар, инфляцияның ақылы қызмет компонентінің өсу қарқыны баяулағаны байқалады, бұл реттелетін тұрғын-үй коммуналдық қызметтер үлесінің азаюына байланысты болып отыр. Бұған сү жеткізу тарифтерінің төмендеуі себеп болды.

Оған қоса, азық-түлік емес тауарлардың, соның ішінде дәрі-дәрмек пен емдеуге арналған құрал-жабдықтардың, автокөліктердің, аяқкиім мен киім-кешектің бағасы өскені байқалады.

2024 жылғы қарашада әртүрлі әдістермен есептелген маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні¹ жеделдеуін жалғастырып, айлық көрсеткіште 0,64%-ға, жылдық көрсеткіште 8%-ға жетті. Бұл көрсеткіштің екі ай қатарынан жеделдеуі инфляцияның тұрақты бөлігіндегі баға өсімін және инфляциялық қысымның айтарлықтай сақталып отырғанын көрсетеді (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы

2024 жылғы қарашада азық-түлік бағасының бір жылдағы өсу қарқыны 5,4%-ға дейін жеделдеді. Көкөніс, жеміс, май мен тоң майлар, қант және кондитерлік өнімдер бағасының жылдық өсу қарқыны жеделдегені негізгі инфляциялық қысымды қалыптастырды. Сонымен қатар, нан-тоқаш және жарма өнімдері, сүт өнімдері мен ет дезинфляциялық процеске әсер еткен негізгі фактор болды (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы қарашада азық-түлік тауарлары бағасының айлық өсімі 1,1%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қазанда – 0,4%). Бір айдағы азық-түлік инфляциясына көкөніс, жеміс-жидек, май мен тоң майлар бағасының өсімі көптеп үлес қосты. Сонымен қатар, қант пен

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

кондитерлік өнімдердің, нан-тоқаш және жарма өнімдері бағасының төмендеуі азық-түлік инфляциясының қарқынын төмендетуге үлес қосты.

Бір айдағы азық-түлік инфляциясына ықпал еткен негізгі факторлардың бірі көкөніс бағасының өсуі болды, бұл көрсеткіш қарашада 13,3%-ға жетті (2024 жылғы қазанда – 0,7%). Айтарлықтай баға өсімі мына өнімдерде де байқалды: қияр (40,3%), қызанақ (37,3%), бұрыш (15,5%), пияз (13,9%) және қырыққабат (8,9%). Бұл өсімнің негізгі себебі – осы кезеңдегі көкөністердің маусымдық қымбаттауы.


Сондай-ақ, май мен тоң май бағасының өсуі азық-түлік инфляциясына қосымша қысым көрсетті. Бұл көрсеткіш қараша айында 2,4%-ға жетті. Әсіресе, күнбағыс майының бағасы 4%-ға, сары май бағасы 1,8%-ға өсті. Бағаның өсуі өндіруші шығындарының артуына, сондай-ақ күнбағыс пен сары майдың әлемдік бағасының өсуіне байланысты болды.

Айлық азық-түлік инфляциясының төмендеуіне әсер еткен тауарлар – күріш пен қант. 2024 жылғы қарашада күріш бағасы 2%-ға төмендеді, бұл өндірушілер бағасының төмендеуіне және осы өнімнің әлемдік бағасының түсуіне байланысты болды. Қарашада қанттың тұтыну бағасы 1,9%-ға түсті, осылайша бұл өнімнің бағасы алты ай қатарынан төмендеп отыр. Бұл үрдіс қант өндірушілер бағасының төмендеуімен байланысты. Дегенмен, ішкі өндірістің үлесі 2024 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында жалпы тұтыну көлемінің небәрі 34%-ын құрайтынын (қалғаны дайын өнім импорты арқылы жабылады) ескерсек, кейінгі айларда байқалған қанттың әлемдік бағасының өсуі болашақта оның құнын көтеруге ықпал етуі мүмкін.

Азық-түліктің әлемдегі және ішкі бағасы

2024 жылдың қараша айында әлемдік нарықта дәнді дақылдар мен қант бағасының төмендеуімен қатар өсімдік майларының қымбаттауы жалғасты. Ішкі бағалардың сыртқы бағадан жоғару болу үрдісі барлық негізгі азық-түлік түрлеріне, өсімдік майларын қоспағанда, жалғасты.

5-график. Дәнді дақылдар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, ұн, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі²

2024 жылғы қарашада дәнді дақылдардың әлемдік бағасы айлық мәнде 2,7%-ға төмендеді (АҚШ долл. есептегенде) (8% ж/ж төмендеуі), негізінен күріш бағасының төмендеуіне байланысты. Күріш бағасының төмендеуі бәсекелестіктің өсуіне, жаңа өнімділікке және валюталардың бағамы АҚШ долларына төмендеуіне байланысты болды.


2024 жылғы қарашада теңгенің әлсіреуімен қатар дәнді дақылдарға әлемдік бағалардың төмендеуі нан-тоқаш өнімдері мен жарма тобына ішкі бағалар мен теңгемен көрсетілген сыртқы бағалар арасындағы баға дифференциалының кеңеюіне әкелді (5-график).

² Мұндағы және 6,7,8 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді

2024 жылғы қарашада өсімдік майларының әлемдік бағасы өткен аймен салыстырғанда 7,5%-ға өсті (АҚШ долл). (32,2% ж/ж өсім). Өсімдік майларының әлемдік бағасы 2022 жылдың шілдесінен бастап ең жоғары деңгейге жетті. Ұсыныстың қысқаруына байланысты майлардың барлық түрлеріне, соның ішінде рапс пен күнбағысқа бағалар көтерілді.

Әлемдік мұнай бағасының өсуі ішкі бағаның өсу қарқынынан едәуір асып түседі. Бұл сыртқы және ішкі бағалар арасындағы баға дифференциалының өсуіне әкелді. Сонымен қатар, 2024 жылғы қарашада теңгенің әлсіреуі майлар бойынша баға дифференциалының кеңеюіне ықпал етті (6-график).

6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

7-график. Қант, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы қарашада еттің әлемдік бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда 0,8%-ға Еттің әлемдік бағасы өткен аймен салыстырғанда 0,8%-ға төмендеді (АҚШ долл.), бірақ өткен жылғы көрсеткіштерден жоғары болып қала береді (5,9% ж/ж өсім). Бағаның төмендеуі шошқа еті, қой еті және құс етінің құнының төмендеуімен байланысты.

2024 жылғы қарашада АҚШ долларына қатысты теңгенің әлсіреуі әлемдік нарықтағы бағаның төмендеуімен және етке ішкі тұтыну бағасының шамалы өсуімен бірге еттің ішкі және сыртқы бағалары арасындағы баға дифференциалының төмендеуіне әкелді (8-график).

8-график. Ет, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік емес тауарлар инфляциясы

2024 жылғы қарашада азық-түлікке жатпайтын тауарлардың жылдық баға өсімі 8%-ға дейін жеделдеді (2024 жылдың қазанында – 7,8%). Тауарлар құрылымында дәрі-дәрмек, зергерлік бұйымдар мен сағаттар, тұрмыстық химияның бір жылда қымбаттау қарқыны жеделдеген. Сонымен қатар, киім мен аяқкиімге, құрылыс материалдарына, автокөлікке және аудиовизуалдық жабдықтарға қатысты дезинфляция тіркелді. Шыныдан жасалған бұйымдар, асхана құралдары, ыдыс-аяқ пен жеке пайдаланатын электр құралдарының жылдық дефляциясы сезілді (9-график).

9-график. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы қарашада азық-түлікке жатпайтын тауарлардың айлық баға өсімі баяулап, 0,7%-ға түсті (2024 жылғы қазанда – 1%). Баға өсімінің баяулауы аудиовизуалдық жабдықтарға, фотоаппараттарға және ақпаратты өңдеу құрылғыларына қатысты байқалады – қазан айындағы 7,8%-дан қарашада 0,2%-ға дейін. Сондай-ақ, аяқкиімнің бағасы 1,3%-дан 0,9%-ға, қатты отын 2%-дан 1,1%-ға, құрылыс материалдары 0,4%-дан 0,2%-ға төмендеді. Бұдан бөлек, шыныдан жасалған бұйымдар, асхана құралдары мен тұрмыстық ыдыс-аяқ бағасы 3,5%-ға, ал тұрмыстық құралдар бағасы 0,7%-ға төмендеді.

Сонымен қатар, смартфон (9,8%), зергерлік бұйымдар мен сағаттар (6%), медициналық жабдықтар мен аппараттар (5%), фото және кинотехника (3,4%), сондай-ақ Қазақстанда құрастырылған жеңіл автомобиль (2,5%) сияқты тауарлардың бағасы өсті. Бұл тауарлар инфляцияға айтарлықтай проинфляциялық қысым көрсетуде. Аталған тауарлардың қымбаттауы теңгенің номиналдық бағамын әлсіреткендіктен бағалардың бейімделуімен түсіндіріледі.


Қызмет көрсету инфляциясы

2024 жылғы қарашада қызмет көрсету саласындағы жылдық баға өсімі 13,3%-ға дейін баяулады (2024 жылдың қазанында – 14,3%). Баяулау негізінен реттелетін коммуналдық қызметтер тарифінің өсу қарқыны төмендегеннен болды, олар қазан айындағы 27%-дан қарашада 21,6%-ға дейін төмендеді.

Айлық көрсеткіш бойынша да баға өсімінің қарқыны төмендеді – қазан айындағы 1,4%-дан қарашада 0,8%-ға дейін. Нарықтық қызметтердің арасында көлік қызметінің айлық баға өсімі қазан айындағы 2,5%-дан қарашада 0%-ға дейін, байланыс қызметі 2,8%-дан 0,4%-ға, сақтандыру қызметі 2,4%-дан 0,7%-ға дейін баяулағаны байқалады. 2024 жылдың қараша айында аурухана қызметтерінің бағасы 0,1%-ға төмендеді.

Сонымен бірге, кейбір қызмет түрлерінің бағасы өсті: кешенді демалысты ұйымдастыру 3,5%-ға, шаштараз қызметі 1,4%-ға, амбулаториялық қызмет 1%-ға, тұрғын үйді жалға алу 0,8%-ға қымбаттады.


10-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылдың қараша айында реттелетін тұрғын-үй коммуналдық қызмет тарифтерінің айлық өсу қарқыны 1,7%-ға дейін баяулады (2024 жылдың қазаны – 3,4%). 2024 жылғы қарашада ыстық су тарифі 11,4%-ға, электр қуаты 3,4%-ға, орталықтандырылған жылу 2,1%-ға, газ 0,1%-ға көтерілді (11-график). Ал салқын судың тарифі 2024 жылдың қараша айында 6,3%-ға төмендеді, өткен айда ол 25%-ға өскен болатын.


11-график. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-тамыз, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы қарашада кейбір дәнді дақылдардың арзандауына байланысты ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің бағасы төмендеді. Азық-түлік өнімдері бағасының өсуі орташа деңгейде сақталды. Импорт бағасы ары қарай өсті. Қызмет көрсету саласында теміржол мен әуе көлігі арқылы жүк тасымалдау қызметінің тарифтері одан ары өсті.

12-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Нан-тоқаш, макарон және ұн өнімдерін өндірушілердің бағасы өсу тұрғысынан баяулады. Бұл бидай бағасының төмендеуіне байланысты болды. Дегенмен, былтырғы наурыз айынан бері алғаш рет май мен майлы дақылдарды өндіру шығындары өсті, бұл майлы дақылдар бағасының төмендеуіне байланысты баяулады.


Ішімдік өндірушілер бағасының өсуі әйнек пен пластмассадан сұйықтық сақтау үшін әзірленетін импорт ыдыстарының қымбаттауына байланысты жалғасты.

Электр энергиясы мен су жеткізу тарифтерінің өсуі азық-түлік өнімдері секторындағы өндірістік шығындарды одан ары арттырып отыр.

2024 жылғы қарашада мал шаруашылығы өнімдері жылдық мәнде 1,7%-ға қымбаттады. Бұл құс еті бағасының төмендеу қарқынының баяулауына және мал басының қымбаттауына байланысты болды. Азық дақылдарының арзандауына қарамастан, өндірістік шығындар импорттық витаминдер, вакциналар мен жабдықтар бағасының өсуіне байланысты жоғары деңгейде қалды.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы бидай арзандауынан төмендей түсті. Бұл жағдай биылғы мол өнім аясында дәнді дақыл қорларының ұлғаюына байланысты болды.

13-график. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

14-график. Тұтыну тауарларын импорттау бағасы және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы номиналды айырбас бағамы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Аралық тауарлар құрылымында құрылыс материалдары, әсіресе тас, гипс және цемент бұйымдары, керамика, шыны және одан жасалған бұйымдар қымбаттады (15-график). 2024 жылдың қаңтар-қыркүйекте саз балшықтан жасалған кірпіш пен плитка, сондай-ақ гипс импортының үлесі 36,1% және 32,6% болды. Құрылыс шынысының 47,3%-ы және керамикалық плиткалардың 76,2%-ы – импорт өнімдері. Салада импорт өнімдерінің үлесі көп болуы оның баға өзгерістеріне деген осалдығын арттырады, бұл құрылыс секторындағы шығындардың өсуіне әкелуі мүмкін.

2024 жылдың ортасынан бастап теңгенің номиналдық айырбас бағамының әлсіреуі импорт бағасының өсуін жеделдетуге ықпал етті. Биылғы қыркүйекте тұрмыстық техника (телефон, теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, принтер және т.б.) мен дәрі-дәрмектің қымбаттағаны байқалды, олардың ішкі тұтытудағы үлесі жергілікті өндіріс көлемінен айтарлықтай асып түседі. Импорт жабдықтарының қымбаттауы өндіріс шығындарының өсуіне және өндірілетін өнімдердің қымбаттауына әкелуі мүмкін (14-график).

15-график. Аралық тауарларды импорттау бағасы және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы номиналды айырбас бағамы




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы қарашада теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифтерінің қымбаттауы жылдық есепте 13,4%-ға дейін баяулады (қазан айында 18,2%-ға өсті), бұл былтырғы жоғары базаға байланысты болды. Өсімге әсер еткен факторлардың негізгісі вагон паркінің жаңартылуы және қызметкерлер жалақысының өсуі болды.

Әуе көлігімен жүк тасымалдау құны өзгеріссіз қалды, ал автокөлікпен жүк тасымалдау 0,5%-ға қымбаттады (16-график).

16-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ